Ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген - «Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауыл округі аумағында орналасқан көше жарығын ағымдағы жөндеу» нысанын пайдалануға беру туралы қабылдау комиссиясының актісі

« 06 » ТАМЫЗ 2019 жыл *Қазығұрт елді мекені*

Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар колігі және автомобиль жолдары бөлімінің **(ары қарай бөлім деп оқылады)** 30.07.2019 жылғы №142 санды бұйрығымен тағайындалған қабылдау комиссиясы мына құрамда:

Тораға: Куралбаев Бакберген Танирбергенович – Қазығұрт аудандық тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы;

Мүшелері:

Момбеков Ермек Эльчибекович - аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің сектор меңгерушісі;

Қасымбеков Еркін Алтынбекович - аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жетекші маманы

Мердігер мекеме өкілі – Танатар Азат Асылханұлы «Асем-Жарық» ЖШС-ның директоры;

АНЫҚТАДЫ:

1. Тапсырыс беруші– бөлімге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген - «Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауыл округі аумағында орналасқан көше жарығын ағымдағы жөндеу» нысанын (ары қарай – «нысан» деп оқылады) пайдалануға қабылдауды ұсынды.

2. Ағымдағы жөндеу жұмыстары тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы 13.05.2019 жылғы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №67 электронды келісім шарт негізінде іске асырылды.

3. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын мердігер «Асем-Жарық» ЖШС атқарды.

4. Құрылысқа арналған сметалық құжаттамасын орындаған жобалаушы мекеме - ЖК «КТМ- Сенім» (ары қарай – «**жобалаушы**» деп оқылады.)

5. Сметалық құжаттамаға арналған бастапқы деректер бөлім тарапынан берілді.

6. Ағымдағы жөндеу жұмыстары жобалаушы тарапынан жасалған сметалық құжаттама негізінде орындалды.

7. Сметалық құжаттама аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесімен бекітілген.

Scanned by CamScanner

8. Ағымдағы жөндеу жұмыстары мына мерзімде жүзеге асты: басталуы 13.05.2019 жыл, аяқталуы 30.07.2019 жыл.

9. Қабылдау комиссиясына нысанның сметалық құжаттамасымен жұмыстарды қабылдау актілері (форма №2 және форма №3) ұсынылды.

10. Пайдалануға беруге ұсынылған нысанда трансформатор, темір бетон электр бағаналары, темір электр бағаналары, электр желісі, электр есептегіш құралы, қоршау жұмыстары сметалық құжаттамаға сәйкес жүргізілген.

11. Нысанды сынағаннан және кешенді байқап көргеннен кейін жобалаушы жасаған сметалық құжаттамаға сәйкес мөлшерде жабдықтар орнатылғандығы анықталды.

12. Нысанда Қазақстан Республикасының қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелерінде көзделген еңбекті қорғау, жарылыс пен өрт қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау және сейсмикаға қарсы іс-шаралар толық орындалған.

13. Нысанды суық және ыстық сумен, кәрізбен, жылумен, газбен және байланыспен жабдықтаудың қажеті жоқ.

14. Нысанда анықталған шалағайлықтар мен ақаулар жұмыс барысында жойылды.

15. Нысанда көгалдандыру, ғимараттарға, жаяу жолдарға, шаруашылық, ойын және спорт алаңдарын кірме жолдардың бетін жабу жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ ғимараттардың қасбетін әрлеу элементтері қарастырылмаған.

16.Нысанды ағымдағы жөндеу жұмыстарының сметалық құны – 11504,94 мың теңге, конкурстық құны – 7707,8 мың теңге.

17. Нысанды тексеру және тиісті құжаттамалармен танысу негізінде: сәулет-құрылыстық (көлем-жоспарлық және материалдар мен құрастырмаларды қолдану жөніндегіні қоса алғанда) шешімнің озықтығына ***қанағаттанарлық*** бағасы берілді.

Қабылдау комиссиясының шешімі:

«Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауыл округі аумағында орналасқан көше жарығын ағымдағы жөндеу» нысаны ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНСЫН.

Қабылдау комиссиясының
төрағасы

Куралбаев Бакберген Танирбергенович

Қабылдау комиссиясының мүшелері

Момбеков Ермек Эльчибекович

Касымбеков Еркин Алтынбекович

Танатар Азат Асылханұлы

Scanned by CamScanner